

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 қаңтарда № 12936 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 01.09.2016 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1 бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі *В. Школьник*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э н е р г е т и к а м и н и с т р і н і ң
2 0 1 6 ж 1 5 қ а н т а р д а ғы
№ 1 0 б ұ й р ы ғы м е н
бекітілген

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1 бабының 2) тармақшасына сәйкес әзірленіп, қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әр - ҚТҚ) жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеуге арналған.

2. Өзіндік құнын анықтау тәртібі.

ҚТҚ жинау, шығару және көму үшін қаржы құралдарына деген жалпы қажеттілікті негіздеу мұнда калькуляция баптары және экономикалық элементтер бойынша топталған арнайы ұйымдардың іс жүзіндегі шығыстарын көрсететін өзіндік құн арқылы есептеледі.

Қызметтің толық өзіндік құны (С) ҚТҚ жинау, шығару және көму жұмыстарын орындауға, сондай-ақ жалпы пайдалану және пайдаланудан тыс шығыстарға жұмсалатын сома ретінде анықталады.

Калькуляциялық бірліктің өзіндік құны жиналған, шығарылған және көмілген ҚТҚ көлеміне/массасына толық өзіндік құнды бөлу жолымен анықталады.

ҚТҚ шығарумен айналысатын кәсіпорындар жұмыстарының негізгі көрсеткіштері осы Әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген.

ҚТҚ жинауға және тасымалдауға нормативтік шығыстарды есептеу кезінде арнайы машинаның 1 рейсіне жұмсалатын орташа шығындарын ескеру орынды.

Бір рейс деп ҚТҚ жинауды бірінші орыннан бастайтын және маршрутпен тасымалдаудың белгіленген технологиясы бойынша контейнерлік алаңдарды арнайы машиналарды толық жүктегенге дейін айналып өткен соң және ҚТҚ көму орындарымен аяқтайтын арнайы машиналардың қозғалысының бірреттік

жиынтық циклі түсіндіріледі.

1 рейске ҚТҚ жинау және шығарудың орташа жиынтық өзіндік құнын есептегеннен кейін оны қабылданған өлшем бірлігінде қайта есептеу қажет, яғни $1 \text{ м}^3 / 1 \text{ тонна ҚТҚ}$.

ҚТҚ жинаудың, шығарудың және көмудің толық өзіндік құнын есептеу кестесі осы Әдістемеге 2 қосымшада көрсетілген.

3. ҚТҚ жинау, шығару және көму бойынша қызметтерді көрсететін арнайы ұйымдардың қаржы құралдарына деген қажеттілігі (бұдан әрі – қызметтер) келесі формуламен анықталады:

$$ҚР = \Theta + П,$$

мұндағы:

ҚР – арнайы ұйымдардың қаржы құралына деген қажеттілігі;
 Θ - толық өзіндік құны (шығындар);
 П - пайда.

Арнайы ұйымдардың қызметі үшін жылдық тариф - ҚТҚ бірлігі үшін (көлем/массасы) төмендегідей есептеледі:

$$Т = ҚР / К,$$

мұндағы:

Т - арнайы ұйымдардың қызметі үшін жылдық тариф
 К - шығарылған ҚТҚ көлемі/массасы.

ҚТҚ шығаруға бір тұрғынға шаққандағы айлық тариф келесі формуламен анықталады:

$$Т_a = \frac{T_x}{1} \cdot \frac{H}{2},$$

мұндағы:

Т_а - ҚТҚ шығаруға бір тұрғынға шаққандағы айлық тариф
 Н - бір тұрғынға шаққандағы ҚТҚ жинақталуының жылдық нормасы.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесіне 1-қосымша

ҚТҚ жинаумен және шығарумен айналысатын кәсіпорындар жұмыстарының негізгі көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Есептік кезең		Жоспарлық кезең	Ес
			жоспар	нақты		

2.	Амортизация				
	Отынға жұмсалатын шығындар				
	Материалға жұмсалатын шығындар				
	Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын шығындар				
	Цех шығыстар				
3.	Жалпы пайдалану шығыстары				
4.	Пайдалану бойынша барлық шығыстар				
5.	Пайдаланудан тыс шығыстар				
6.	Толық өзіндік құны				
7.	1 м ³ ҚТҚ жинаудың, шығарудың және көмудің өзіндік құны				
8.	1 тонна ҚТҚ шығарудың өзіндік құны				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК